



Тақырыбы: Аралық, қорытынды аттестаттау өткізу туралы





Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 қазақ бұйрығы

- 
- 
- 48. 5 – 9 (10)-сыныптардағы оқу кезеңінде барлық пәндер бойынша жылдық және қорытынды бағалары "5" болған 9 (10)-сынып білім алушыларына № 39 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес негізгі орта білім туралы **үздік** аттестат беріледі.
 - 49. Жалпы орта білім туралы аттестатқа қосымшаға енгізілетін пәндерден "5" болған және 10 (11) - 11 (12) сыныптардағы оқу кезеңінде барлық пәндер бойынша жылдық, қорытынды бағалары "5" болған 11 (12) сынып білім алушыларына № 39 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес жалпы орта білім туралы **үздік** аттестат беріледі.
 - 52. Негізгі орта білім туралы үздік аттестат алған, негізгі, жалпы орта білім беру бағдарламаларына 5 (6) - 11 (12) сыныптарда білім алған кезеңінде барлық пәндер бойынша жылдық және қорытынды бағалары "5", 10 (11)-11 (12)-сыныптар аралығында білім алу кезеңінде барлық пәндер бойынша тоқсандық бағалары "5" болған, жалпы орта білім беру аяқталғаннан кейін қорытынды аттестаттаудан "5" бағасына өткен 11 (12) сынып білім алушыларына № 39 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес жалпы орта білім туралы **"Алтын белгі"** аттестаты беріледі.



9 (10) сынып білім алушылары үшін қорытынды аттестаттау мынадай нысандарда өткізіледі:

- 1) **2026 жылғы 29 мамыр** - математикадан (алгебра) бойынша жазбаша емтихан;
- 2) **2026 жылғы 3 маусым** - таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика);
- 3) **2026 жылғы 8 маусым-ана тілі (оқыту тілі) жазбаша (эссе)емтихан;**
- 4) **2026 жылғы 11 маусым** - орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау)

**11 (12)-сынып білім алушылары үшін қорытынды аттестаттау
мынадай нысандарда өткізіледі:**

- 1) **2026 жылғы 2 маусым**-Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан;
- 2) **2026 жылғы 5 маусым**- алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан;
- 3) **2026 жылғы 9 маусым**-ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан;
- 4) **2026 жылғы 12 маусым**-таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс); информатика).
- 5) **2026 жылғы 15 маусым**-орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан;

69. Жазбаша емтихандар 9 (10) және 11 (12) сынып білім алушылары **бір-бірден** отырғызылатын үлкен сынып бөлмелерінде (бір партаға бір білім алушысы отырғызылып толық сынып сиятындай мектеп ғимаратындағы үлкен бөлмеде) өтеді.

Жазбаша жұмыстарды орындау үшін білім алушыларға мектептің мөртабаны басылған қағаз беріледі.

Орындалған жұмысты жоба жазбаларымен бірге білім алушылар Комиссияға тапсырады.

Жұмыстарын емтиханға арналып бөлінген уақыт ішінде аяқтай алмаған білім алушылар аяқталмаған қалпында тапсырады.

72. Мектептердің барлық сыныптарындағы **жазбаша** емтихан жұмыстары

Астана қаласының уақытымен таңертеңгі сағат **10:00**-де басталады.



50. 9 (10) және 11 (12) сыныптардың білім алушылары қорытынды аттестаттаудан білім басқармалары басшыларының бұйрықтарымен, республикалық мектептердің білім алушылары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығымен мынадай жағдайларда босатылады:

- 1) денсаулық жағдайына байланысты;
- 2) бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, оның ішінде бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар;
- 3) халықаралық олимпиадаларға (жарыстарға) қатысу үшін Қазақстан Республикасының құрама командасына үміткерлер болып табылатын жазғы оқу-жаттығу жиындарына қатысушылар;
- 4) жақын туыстарының қайтыс болуы.

Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг

- 2-тарау. Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу тәртібі
- 9. ББЖМ 9-сыныптарда электрондық форматта оқыту тілінде үш бағыт (оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық) бойынша тестілеу нысанында жүргізіледі.
- 11.Тестілеу жыл сайын жылдың екінші тоқсанында тестіленушілер оқитын орта білім беру ұйымдарының базасында және екінші курс білім алушылары жылдың төртінші тоқсанында және (немесе) үшінші курс білім алушылары жылдың екінші тоқсанында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының базасында өткізіледі.

Назарларыңызға рахмет!